

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ ЖАҒДАЙ» ПӘНІ БОЙЫНША ДӘРІСТЕР ТЕЗИСТЕРІ

МОДУЛЬ 1 Қазақстандағы діндер тарихы және қазіргі кезең

Қазақстанның діни ахуалының тарихи және мәдени ерекшеліктері

Қазақстанның діни ахуалының тарихи және мәдени ерекшеліктері елдің көпғасырлық тарихымен, географиялық орналасуымен және этносаралық қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Бұл ерекшеліктер бірнеше аспектілерде көрінеді:

Көшпелі өркениет және тәңіршілдік: Қазақстан аумағында алғашқы діни наным-сенімдер тәңіршілдікпен және табиғатты қастерлеумен байланысты болды. Көшпелі халықтар аспан, жер, су, от секілді табиғат құбылыстарын қасиетті деп санады.

Ислам дінінің таралуы: VIII ғасырдан бастап арабтардың Орта Азияға келуімен бірге ислам діні тарала бастады. Ол әсіресе Қарахан мемлекеті тұсында (X ғасыр) ресми дін ретінде орнықты.

Православие және христиандық: Ресей империясының Қазақстанды отарлауы барысында православие діні қазақ жеріне тарады. Бұл XIX ғасырдан бастап славян халықтарының көшуімен күшейе түсті.

Кеңестік кезеңдегі атеизм: Кеңес дәуірінде діни нанымдарға тыйым салынып, діни мекемелер жабылды. Дегенмен, халықтың дәстүрлі нанымдары мен діни сенімдері толықтай жойылған жоқ.

Қазіргі кезең ерекшеліктері:

Ислам және ұлттық дәстүрлер: Қазақстан халқының көпшілігі сунниттік исламның ханафи мазһабын ұстанады. Дегенмен, исламдық құндылықтар қазақтың ұлттық дәстүрлерімен үйлесіп, өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Мысалы, қазақтың қонақжайлығы, ас беру рәсімдері және басқа да әдет-ғұрыптары ислам қағидаларымен астасып жатыр.

Көпэтностық және көпконфессиялық қоғам: Қазақстанда 130-дан астам этнос өкілдері өмір сүреді. Олардың әрқайсысының өз діни наным-сенімдері бар, мысалы, орыстар православие дінін ұстанса, корейлер арасында христиандықтың әртүрлі ағымдары таралған.

Толеранттылық пен дінаралық келісім: Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде әртүрлі діндерге бірдей қарау саясатын ұстанады. Елде әртүрлі діни ұйымдардың бейбіт қатар өмір сүруіне жағдай жасалған.

Қазақстанның діни ахуалы оның тарихи және мәдени ерекшеліктерін көрсетеді. Тарихи тұрғыдан алғанда, ислам діні халықтың рухани дүниетанымында басты рөл атқарады, ал мәдени жағынан бұл әртүрлі діндердің бейбіт қатар өмір сүруімен сипатталады. Зайырлы мемлекет ретінде Қазақстанда діни еркіндік сақталады және бұл елдің тұрақтылығы мен бірлігіне үлес қосады.

Қазақстандағы Ислам (сунниттік бағыт, ханафи мазһабы)

Қазақстандағы ислам діні халықтың рухани-мәдени өмірінде маңызды рөл атқарып, елдің діни ахуалын қалыптастыруда негізгі орын алады. Қазақстан мұсылмандарының басым көпшілігі сунниттік бағытты ұстанады, оның ішінде ханафи мазһабы елдегі ең кең таралған исламдық құқықтық мектеп болып табылады.

Ислам Қазақстан жеріне VIII ғасырда, арабтардың Орта Азияға келуімен тарала бастады. Оңтүстік Қазақстан аймағындағы сауда-саттық және мәдени қарым-қатынастар исламның осы өңірге енуіне ықпал етті. Қарахан мемлекеті (X ғасыр) тұсында ислам ресми дін ретінде қабылданды. Бұл кезеңде мешіттер салынып, діни білім беру жүйесі дамыды.

Ислам діні көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ қоғамына бейімделіп, дәстүрлермен үйлесімді түрде қатар өмір сүрді.

Кеңес Одағы кезінде дінге шектеулер қойылып, мешіттер жабылды. Алайда халық арасында діни дәстүрлер толықтай жойылған жоқ. Ұлыс күндері, жаназа, балаға азан шақыру сияқты салттар сақталып, діни құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ислам қайта жаңғырып, мешіттер мен медреселер ашылды. 1992 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) құрылды, ол елдегі сунниттік исламның негізгі ұйымдастырушысы болып табылады.

Ханафи мәзһабы исламдағы сунниттік бағыттың төрт негізгі құқықтық мектебінің бірі болып табылады. Бұл мәзһабтың Қазақстанда кең таралуы оның төмендегі ерекшеліктерімен байланысты:

Ханафи мәзһабы жергілікті дәстүрлер мен мәдени ерекшеліктерді ескеріп, оларды шарият заңдарымен үйлестіруге мүмкіндік береді. Бұл мәзһаб діндарлардың бейбіт қатар өмір сүруін, әртүрлі пікірлерді құрметтеуді насихаттайды. Ханафи мәзһабы құқықтық мәселелерде Құран, хадис, ижма (ғұламалардың келісімі) және қияс (ұқсастық бойынша шешім) негіздерін қолданады.

Қазақстанда діни білім беру жүйесі дамуда: медреселер, исламдық университеттер жұмыс істейді. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті исламтанушылар мен имамдарды даярлауда маңызды рөл атқарады.

Елде 2700-ден астам мешіт бар, олардың барлығы ҚМДБ-ның қарамағында жұмыс істейді. Мешіттер халықты рухани тәрбиелеу, діни білім беру және ислам құндылықтарын насихаттау орталығы болып табылады. Қазақстандағы ислам бейбітшілік пен толеранттылық идеясын насихаттай отырып, елдегі дінаралық келісімді сақтауға ықпал етеді. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі исламның бейбітшілікке бағытталған рөлін көрсетуге мүмкіндік береді.

Ислам жас буынға рухани-адамгершілік тәрбие беруде маңызды орын алады. Жастар арасында ислам құндылықтарын дұрыс түсіндіру арқылы діни экстремизмнің алдын алу шаралары жүргізілуде. Кейбір адамдар арасында діни білімнің төмендігі экстремистік ағымдардың таралуына себеп болуы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін діни ағартушылық жұмыстарын күшейту қажет. Қазақстанда дәстүрлі емес ислам ағымдарының ықпалы байқалады. Олардың алдын алу үшін ҚМДБ және мемлекеттік органдар халыққа дұрыс діни ақпарат таратуда белсенді жұмыс істеуде.

Православтық христиандықтың Қазақстандағы тарихы

Православие діні –Қазақстанда дінге сенушілерінің саны бойынша исламнан кейінгі екінші діни бағыт. Православие діні елімізде Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуы кезіндегі әскери қоныстарда пайда болды. Оңтүстік аймақтарда алғашқы әскери діни қауымдар (кішкентай шіркеулер, сиыну үйлері) 1866 жылы Түркістан мен Шымкентте пайда болған. 1871 жылы Түркістан Епархиясы құрылды. 1872 жылы Верный және Жетісу епархиялары тарапынан құрылған кафедраға қазақстандық архиерейлердің алғашқысы – архиепископ Сафония (Сокольский) сайланып, ол осы қызметін 1877 жылға дейін атқарды.

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде шіркеулер салу XIX ғасырдың 80-ші жылдары басталды. 1901 жылдың өзінде Сырдария обылысында күйдірілген кірпіштен қаланған сегіз шіркеу болған. XX ғасырдың басында Түркістан (құрамына Қазақстанның көптеген аумағы кірген) аумағында 391 мың православ христиандар мен 306 шіркеу болған.

1917 жылы кеңестік биліктің орнауымен жетпіс жылды қамтыған ауқымды атеистік күрес басталды. Бұл күрес шіркеулерді жою, діни басшылықты қудалау, шіркеу меншігін тәркілеу секілді әрекеттерді қамтыды. 1920-1930 жылдары көптеген шіркеу қызметкерлері не ату жазасына кесіліп, не ұзақ уақытқа түрмеге қамалды.

Кеңестік үкімет басшылығының дінге көзқарасы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Орыс православ шіркеуі тарапынан жауынгерлердің рухын көтеретін отансүйгіштік шақырулардың болуымен жеңілдеді. Бұл фашист басқыншыларға қарсы халықтың рухын көтерді. Осы кездері Қазақстанда қайтадан шіркеулер ашыла бастады. Православтық өмір салтын қайта орнына келтіру республикамызда 1945 жылы басталды. Осы жылы қасиеттілер қатарына қосылған, митрополит Николай (Могилев) алғашқы билеуші архиерейі болған Алматы және Қазақстан епархиясының негізі қаланды.

Діни сенім бостандығына құқық беру толыққанды рухани өмірге оралуға мүмкіндік берді. Егер 1956 жылы Қазақстанда барлығы 55 Орыс православ шіркеуі (ОПШ) қызмет етсе, 1999 жылы республика көлемінде 212 шіркеу қызмет етіп, 8 монастырь қызмет атқарған. Соңғы жылдықта бұл көрсеткіштердің өсуі байқалып отыр.

2012 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы негізінде діни бірлестіктерді қайта тіркеу үдерісі жүргізілді. 2012 жылдың 25 қазанына дейін жүргізілген тіркеу барысында Қазақстанда Митрополиттік аймақ республикалық діни бірлестігі, 9 епархия және 261 приходты қоса алғанда, барлығы 271 православ шіркеуінің діни бірлестіктері қызмет еткен. Православ дінге сенушілердің көбі Алматы, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды және Ақмола обылыстарында тұрады.

Бұған қоса, Қазақстанда православ монастырьлары бар. Қызмет ететін барлық шіркеулер мен сиыну үйлерінің жанында шіркеу жанындағы православие негіздерін оқыту мектептері, жексенбілік мектептер қызмет етеді. Бұл мектептерде балаларға қоса үлкендер де сабақ алуға.

1995 жылы мемлекет XX ғасырдың басында салынып, кейін архитектураның ерекше туындысы саналып кеткен, Алматы қаласында орналасқан Вознесен кафедралды соборын православ шіркеуінің қарамағына берді. Қазіргі уақытта ескі ғибадат ғимараттарын қайта қалпына келтіру мен жаңа шіркеулер және сиынц үйлерін салу жүргізіліп жатыр.

Орыс православиелік шіркеуін 1990-2008 жылдар аралығында басқарған Мәскеу және барлық Русьтің патриархы Алексий II 1995 жылы шілде айында Қазақстанда сапарда болып, Алматы және Қарағанды қалаларында болды. Ол Қарағандыда Свято-Введен соборын дәріптеді. Бұл собор Орталық Азияда көлемі бойынша ең ірі және архитектуралық сымбатты ғибадат орны болып саналады.

Соңғы жылдары Қазақстан көлемінде Алматыда Иса Құтқарушы храмы, Павлодарда Благовещен собор, Екібастұз қаласында Серофимо-Ивер соборы, Талдықорғанда Иоанн діни соборы, Қостанайда Константин-Еленин храмы, Сатбаев қаласында Қасиетті Николь храмы және өзге де ғибадат үйлері салынды. 2009 жылы Астанада Қасиетті Успен кафедралды соборы тұрғызылды. Оған қоса бірнеше монастырьлар ашылды.

2005 жылы Астанада Константин-Еленин кафедралды соборының ашылуы мен дәріптелуінің 150 жыл толуына байланысты мерекелік іс-шаралар өткізілді. 2010 жылдың ақпан айында Қазақстанда Мәскеу және бүкіл Ресей патриархы Кирилл сапарда болды. Орыс православ шіркеуінің басшысы Алматы және Астана қалаларында болып, қоғам өкілдерімен кездесіп, шіркеулерде қызмет қылды. Оның сапарының басты оқиғасы Қазақстанның астанасында жаңадан бой көтерген Қасиетті Успен соборын дәріптеуі болды. Қазақстандағы ресми мерекелердің қатарына Рождество (Исаның Туылуы) православ мерекесі (7 ақпан) енгізілді. Бұл күн республика көлемінде демалыс күні болып саналады.

Соңғы жылдары елімізде православиенің құрылымына реформа жасалуда. 2003 жылдың мамыр айында Орыс православ шіркеуінің синоды Қазақстан Республикасында Митрополиттік округ құрып, оның құрамына Астана, Орал және Шымкент епархияларын енгізді. Митрополиттік округ – бұл епархияларды біріктірудің ерекше түрі, ОПШ шеңберінде тек Қазақстан аумағында қызмет етеді. Округ діни-ағарту, баспа, әлеуметтік

және өзге де әлеуметтік-маңызды мақсатта Қазақстан Республикасы аумағында құрылған болатын. 2003-2010 жылдары округті митрополит Мефодий (Немцов) басқарды. Ал 2010 жылы округ басшылығына митрополит Астана және Қазақстандық Александр (Могилев) тағайындалды.

2010 жылдың шілде айында Орыс православ шіркеуінің Қасиетті синоды Қазақстанның митрополиясының дербес құқыққа ие болатын Орыс православ шіркеуінің жаңа канондық бөлімшесі ретінде Қазақстан Республикасындағы (Орыс православ шіркеуінің) Митрополиттік округі ретінде мәртебесін анықтайтын бірқатар маңызды құжаттарды қабылдады. Осыдан бастап Қазақстан Республикасындағы (Қазақстанның Православ шіркеуінің) Митрополиттік округ ерекше тәуелсіздік құқығына ие болды. 2010 жылдың 26 шілдесінде ОПШ Қасиетті синоды республикамызда тәуелсіз канондық құрылым ретінде – басшысы митрополит Александр болып тағайындалған Митрополиттік округтің өзіндік жарғысын бекітті.

Соңғы жылдары Қазақстандағы православ шіркеуінің құрылымын реформалау жүзеге асуда. 2010 жылдың қазан айына дейін Митрополиттік округ орталықтары Астана, Шымкент және Орал қалаларында орналасқан үш епархияны қамтыды. 2010-2011 жылы ОПШ Қасиетті синоды шешімімен алты жаңа епархия құрылып, орталықтары Қарағанды, Қостанай, Көкшетау, Петропавл және Өскемен қалалары болды.

Католицизмнің Қазақстандағы қызметі

90 жылдардың басында, Қазақстандағы Католик Шіркеуін дұрыс функциялау мүмкіндігі туғаннан кейін, 1991 жылғы 13 сәуірде папа II Иоанн Павел Қазақстан Республикасы территориясында Қарағандылық Апостол Әкімшілігін бекітті. Дәл осы күні, 1991 жылғы 13 сәуірде Ян Павел Ленга бұл Әкімшіліктің Апостол Әкімшілігі болып сайланды. Қарағандылық Апостол Әкімшілігінің рухани қамқорлығы, Қазақстаннан басқа, Орта Азияда: Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстанда уақытша шашылған католик қауымдастықтарына да таралды. Орталығы Қарағандыда орналасқан Апостол Әкімшілігі кеңес кезіндегі, Қазақстан және Орта Азия деңгейіндегі бірінші католик құрылымы болып табылады. Нәтижесінде ол, Архиепархия мен бірге митрополит мінезді заманауи құрылымға айналды, және оған екі Епархия және бір Апостол Әкімшілігі бағынды.

1995 жылдың тамызынан бастап «Кредо» деген ай сайынғы газет шығарыла бастады.

1997 жылдың 29 қыркүйегінде Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан католиктері, ал 1997 жылдың 22 желтоқсанында Қырғызстан католиктері де, – «*Sui iuris*» (өзінің құқығы) миссиясының мәртебесін алды.

1997 жыл 7 қазан – Қарағанды қаласында католиктік Рухани Семинарияның “*Redemptoris Mater*” ресми негізделуі. Ол 1998 жылы 16 шілдеде толығымен жаңартылды және «Мәриям – Шіркеудің Анасы» Епархияаралық Жоғары Рухани Семинариясы деген атқа ие болды. «Мәриям – Шіркеудің Анасы» Епархияаралық Жоғары Рухани Семинариясы католик діні бойынша жоғары білімді мамандар даярлайды.

1998 жылғы 7 сәуірде Қарағанды қаласында Жалаңаштарды Тамақтандыру ғибадатханасы ашылды. Ол Киелі үштікке және Мария Ананың бейкүнә екіқабат болуына арналған. Тереза ана Калькутталық монах әйелдері кедейлермен жұмыс жасау үшін 1998 жылдың 5 қазанында Қарағанды облысына келді.

«*Ad aptius consulendum*» папа булласы 1999 жылғы 7 маусымда Қазақстандағы Апостол Әкімшілігін Қазақстанның Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында Қарағанды епархиясына өзгертті, сонымен қатар, үш жаңа Апостол әкімшілігін құрды: Астана, Алматы және Атырау.

Қазақстандағы Католик шіркеуі үшін маңызды сәт — 2001 жылғы 22–25 қыркүйек аралығында папа II Иоанн Павелдің мемлекетке келуі.

Беатификацияға кандидаттар тізімінде: жоғарыда айтып өткен епископ Александр Хира және уағыздаушы Владислав Буковинский, сонымен қатар 2002 жылы Қарағандыда қайтыс болған уағыздаушы Бернардо Антонини.

Қазіргі таңда Қазақстандағы Католик шіркеуі, орталығы Астанада орналасқан, Аса Қасиетті Мәриям архиепархия-митрополиясынан, екі суффраган епархиясынан – Қарағанды және Алматыдағы Киелі Үштік Епархиясы, сонымен қатар Атыраудың Апостол Әкімшілігінен тұрады. Архиепархия-митрополияны архиепископ Томаш Пэта басқарады. Осыдан бөлек, Қазақстан және Орта Азия территориясында митрофор протоиерей Василий Говераның басшылығымен грек-католиктерге арналған Апостол елшілігі жұмыс атқарады.

Қазақстандағы протестанттық бірлестіктер

Еліміздегі протестант дінінің ұзақ уақытқа тиесілі тарихы бар. Қазақ хандығының Ресей империясы қарамағына енуі құрамында неміс ұлтының өкілдері басым болған әскери түрдегі көптеген лютерандардық қоныстарды қамтыды. Кейін бұл қатарды азаматтар, яғни шенеуіктер, қолөнершілер, шаруалар толықтырды. XIX ғасырдың 80-ші жылдары Қазақстанға Ресейдің еуропалық өңірлерінен қоныс аудару жүргізілді. Осы уақытта кішігірім протестанттық (негізінен лютерандар, баптистер және меннониттер) қауымдар пайда болды. XX ғасырдың басында Столыпін реформасы қоныс аударушылардың санының артуына алып келіп, бұл халықтың көп конфессиялық құрамының өзгеруіне алып келді.

Протестанттық сенім өкілдерінің жаппай келуі XX ғасырдың 30-40 жылдары жүргізілген Сталиннің жаппай репрессиялауы мен күштеп жер аудару үдерістерінен басталды. Мысалы, жер аударылғандардың ішінде Поволжьедан келген 360 мың неміс ұлтының өкілдері болды.

1950 жылдың орта кезінен бастап басшылыққа жақпаған ұлттар мен конфессияларға қатысты саясаттың әлсіреуінен республика көлемінде лютерандық шіркеу, інжілдік христиан-баптистердің, адвентистер мен меннониттердің діни қауымдары пайда бола бастады. Ұзақ уақыт бойына олар жасырын қызмет етіп келді. Лютерандардың алғашқы қауымы Ақмолада (қазіргі Астана) 1955 жылы тіркелді.

Билік өкілдері діни бірлестіктерді құлықсыздықпен тіркегенімен, олардың саны әрдайым артып отырды. Қазақстанда КСРО-ның құлауы кезінде де 109 інжілдік христиан-баптистерінің қауымы тіркелген. Бұл республика көлеміндегі мұсылман мешіттерінің санынан екі есе артық көрсеткіш болып табылады. XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы протестанттық шіркеулердің дінге сенушілерінің санының өзгеруі Германияға, Ресейге және өзге де елдерге көш аударуымен байланысты. Бұл өз кезегінде неміс ұлтына негізделген лютерандық, меннониттік және кейбір өзге де конфессиялардың санының азаюына әкелді.

Ал өзге қауымдар көп ұлтты қауымдарға айналды. Олардың санының артуы протестантизм дәстүрлі сенімі болып саналмайтын ұлттар мен ұлыстардың протестанттыққа келуімен байланысты болды.

Әсіресе, ерекше өсім Қазақстан үшін дәстүрлі емес бағыттар тарапынан көрініс тапты. Олардың қатарына елуіншілер, пресвитерандар мен харизматтар енеді. Бұл қауымдар көбіне XX ғасырдың 90-шы жылдары пайда болды.

Бұл ағымдардың көбісі шет елдік миссионерлердің тарапынан құрылды және аяққа тұра бастаған кездері шет елдердің көмектеріне жүгінді. Бұл ағымдар өз әрекеттерінде әртүрлі ұлт өкілдерінің арасында белсенді түрде дін таратуды құптайды.

2012 жылдың қазан айының қорытындысы бойынша баптистік шіркеулердің саны – 100, елуіншілер – 189, пресвитериандық – 55, лютерандық – 13, методистік – 11 діни бірлестік қызмет етуде. Көптеген елуіншілер және пресвитериандық шіркеулер Оңтүстік Корея мен АҚШ-тан келген миссионерлердің тарапынан құрылған. Олардың жолын қуушылар мен пасторларының арасында кәріс диаспорасының өкілдері көптеп кездеседі.

Протестанттық бірлестіктер шет елдердегі өздерімен бір сенімдегі өкілдермен тығыз байланыс орнатып, олардан қайырымдылық көмек алады. Олар әртүрлі халықаралық конференциялар, фестиваль, кездесулер ұйымдастырып, жастармен және халықтың өзге де өкілдерімен жұмыс атқаруда.

Бұл қатарда Жаңа апостолдық шіркеуді, Жетінші күн адвентистерін, Иегова Куәгерлерін және мормондарды ерекше атап өтуге болады. Олар протестанттық қозғалыстың тарихи кезеңдік дамуының негізінде қалыптасқандығымен, діни ілімі мен ғибадаттық әрекеттерінде өзіндік ерекшеліктерге ие. Ал көптеген протестанттық шіркеулер олардың протестанттыққа жататынын жоққа шығарады. Көп жағдайда нақты діни бағыттың өкілдері де өздерін протестанттардың қатарынан көрмейді.

Қорыта келе, Қазақстандағы протестантизм көп ғасырлық тарихы бар конфессиялармен (лютеран, меннонит, баптист және өзгелері) қатар дәстүрлі емес қауымдарды, бірінші кезекте елуіншілер, пресвитериандар және харизматтық бағыттарды қамтиды. Протестанттық бірлестіктер, әсіресе республиканың солтүстігінде және орталығында орналасқан ірі қалаларда кең тараған.

МОДУЛЬ 2 МЕМЛЕКЕТТІҢ ЗАЙЫРЛЫ ҚАҒИДАТТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН САЯСАТЫ

Қазақстан Республикасындағы діни еркіндік қағидаттары

Дін – мемлекеттік саясаттағы, сондай-ақ қазақстандықтардың рухани өмірі мен мәдениетіндегі аса маңызды факторлардың бірі.

Дін мәселесіндегі тарихи факторлардың қазіргі таңдағы әсері еліміздегі діни ахуалдың ерекшеліктерін нақты көрсетеді. Қазіргі кезде елімізде қалыптасып үлгерген ішкі саяси тұрақтылықтың алдағы уақытта да берік орнығуы көп жағдайларда мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың бірлесіп атқаратын жұмыстарына байланысты.

Еліміздің тәуелсіздік тарихындағы алғашқы кезеңдер ел экономикасын өркендетуге жұмсалса, бүгінгі таңдағы жұмыстар негізінен саяси құндылықтарды барынша дамытуға бағытталуда.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. Конституциялық негіздегі «зайырлы» ұғымы мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді.

Заманауи мағынадағы зайырлылық қағидасы Еуропада пайда болған. Дегенмен, бүгінгі дамыған мемлекеттерде зайырлылықтың жүзеге асырылуы деңгейі әртүрлі. Жалпы айтқанда, зайырлылық мемлекет билігін діни тап өкілдеріне бермеу дегенді білдіреді, яғни, зайырлылық дегеніміз «дінсіздік» немесе «дінді жек көрушілік» емес.

Жалпы зайырлылық тарихына қысқаша тоқтала кететін болсақ, зайырлылықтың отаны Франция болып саналады. Дегенмен діннің мемлекеттен бөлінуі Ежелгі Антикада байқалған. Жалпы батыста зайырлылық ұғымы екі бағытта дамыды:

1. Француздық және американдық бағыт.
2. Солтүстік Герман және Англо-саксондық бағыт.

Зайырлылық – көне Еуропада бір мағына беретін термин болғанымен, латын тарихының жалғасы болып табылатын елдерде (Жерорта теңізі жағалауындағы Рим империясы территориясында пайда болған елдер Италия, Франция т.б.) «зайырлылық» деп аталса, ал протестанттық мәдениетін сіңірген Герман, Англо-саксондық елдерде (Германия, Ұлыбритания, АҚШ т.б.) «секуляризм» ретінде қабылдаған.

«Зайырлылық» деген сөздің мағынасы – «дін мемлекеттен бөлек» дегенді білдіреді.

Зайырлылық – ар-ождан бостандығы және төзімділік сынды ұғымдармен тығыз байланысты.

Зайырлылық ұғымы мемлекеттің дінге деген ұстанымының демократиялық сипатта екендігін танытады.

Жалпы «зайырлылық» ұғымына анықтама берген француз философы және филологы, позитивизмнің өкілі Огюст Конттың шәкірті Эмиль Литтре. Ол: «Барлық культтерге бейтарап қарайтын, діни басшылықтан тәуелсіз және кез келген теологиялық тұжырымдамадан азат болып табылатын мемлекеттің белгісі» деп тұжырымдады.

Жалпы, қазіргі уақытта дүние жүзіндегі зайырлылық үлгілерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады.

Біріншісі – «қатаң» болып саналатын, дінді қоғамдық өмір саласынан тысқары ұстауға тырысатын «франциялық» зайырлылық үлгісі болса, екіншісі – «жұмсақ» болып саналатын, әрбір азаматқа ұстанатын діни-наным сенімдеріне сәйкес, жеке және қоғамдық өмір салаларында өмір сүруіне жағдай жасайтын және діндердің қоғамдық өмір саласына араласуына тосқауыл қоймайтын «англо-саксондық» үлгісі.

Жаһандық деңгейде болып жатқан үрдістерді, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы соңғы жетістіктерді және еліміздің ішкі әрі сыртқы саясаттағы ұстанымдарын назарға ала отырып, Қазақстан үшін зайырлылықтың «жұмсақ» үлгісі ең дұрыс таңдау болатыны анық.

Жалпы әлемдік қауымдастықта зайырлылықтың үш түрлі үлгісі қалыптасқан:

- Зайырлылықтың бірінші үлгісі – секуляристік (атеистік) үлгі. Оның көрнекі мысалы халқымыз бастан өткерген кеңестік режимді орнықтырған КСРО болып табылады. ҚХР да бүгінге дейін осы үлгіні пайдалануда.

- Зайырлылықтың екінші үлгісі – сепаратистік үлгі. Бұл үлгі діни қауымдастықтардың мемлекеттен бөлінгенін және заңнамада қандай да бір діннің немесе конфессияның ерекше құқыққа ие болмайтынын негізге алады.

- Зайырлылықтың үшінші үлгісі – таңдамалы негіздегі үлгі. Бұл үлгі қоғам үшін ерекше құнды болып табылатын, конституциялық деңгейде анықталатын діни басымдықтарды басты тірек етеді.

Жоғарыда айтылып кеткендей зайырлылықтың бірінші үлгісі – секуляристік (атеистік) үлгі. Қазақстан КСРО кезеңінде зайырлықтың секуляристік үлгісін бастан кешірді. Қазақстан қазіргі таңда зайырлылықтың сепаратистік үлгісін ұстанады. Бұл үлгі діни қауымдастықтардың мемлекеттен бөлінгенін және заңнамада қандай да бір діннің немесе конфессияның ерекше құқыққа ие болмайтынын негізге алады.

Ал таңдамалы үлгі бойынша мемлекет құрушы және мәдениет құрушы дін, дәстүрлі немесе тарихи дін, басым көпшілік ұстанатын дін секілді бірнеше ерекше мәртебелерді анықтау арқылы таңдау жасалады. Ерекше мәртебеге ие діндер қосымша ерекше құқықтарды иеленеді және ең алдымен азаматтық қоғамның барлық салаларында – білім, мәдениет, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қарулы күштер, бұқаралық ақпарат құралдары салаларында кез келген діни қызметті жүзеге асыру құқығын иеленеді. Батыс Еуропаның көптеген елдері осы таңдамалы үлгі негізіндегі заңнаманы қолданады. Зайырлылықтың сепаратистік үлгісі АҚШ, Нидерланды секілді жекелеген елдерде ғана қолданылады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттің зайырлылығын көрсететін мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастарды реттеудің бірнеше формалары қалыптасқан немесе мемлекеттің діни қатынастарды бірізділікке түсірудің бірыңғай бағдарламасы қамтамасыз етілген және табысты түрде іске асырылуда.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң (2011 ж.).

2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңының қабылдануы мүлде жаңа геосаяси жағдайда мемлекеттің дін саласындағы стратегиялық бағытын айқындау кезеңі, қазіргі заманның өзекті талабына айналды. Өңгіме жалған діни экстремизм мен терроризмнің Қазақстанға ықпалымен байланысты ел үшін жаңа сын-қатерлер мен қауіп-қатерлердің пайда болуы, сондай-ақ дәстүрлі құндылықтардың жойылу/эрозия процесінің басталуы, олардың діни бірегейлігіне тікелей әсер етеді. адамдар.

Бұл ретте Заң мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және дінді деструктивті мақсатта пайдалану жағдайларын азайтуға бағытталған.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізгі ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясына (Негізгі Заңына) негізделген.

Заңнамада келесі негізгі ережелер нақты көрсетілген:

- мемлекет діннен және діни бірлестіктерден бөлінген;
 - діни бірлестіктер мен Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, олардың дінге көзқарасына қарамастан, заң алдында тең;
 - ешбір дінді мемлекет немесе міндетті дін ретінде орнатуға болмайды;
 - Қазақстан Республикасындағы білім беру және тәрбиелеу жүйесі, рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, діннен және діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатқа ие;
 - заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке адамдардың дінге көзқарасына байланысты азаматтық құқықтарын бұзуға немесе діни сезімдерін қорлауға, белгілі бір дінді ұстанушылар қастерлейтін объектілерді, ғимараттарды және орындарды қорлауға жол берілмейді;
 - Қазақстандағы әрбір адамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқығы бар;
 - ешкімнің де өзінің діни сенімі бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерді орындаудан бас тартуға құқығы жоқ;
 - дін қызметкерлері, миссионерлер, діни бірлестіктердің жетекшілері немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын республика азаматтары саяси өмірге Қазақстан Республикасының барлық азаматтарымен тең тек өз атынан қатыса алады.
- Құжатта дін мен діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлу принципін сақтауға негізделген мемлекеттің қызметі нақты айқындалған, ол мыналардан тұрады:
- Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның өздерінің дінге көзқарасын және діни сенімділігін анықтауына, ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өз нанымдарына сәйкес балаларды тәрбиелеуіне, осыларды қоспағанда, араласпауға; мұндай тәрбие баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, оның құқықтарын бұзатын және жауапкершілікті шектейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігі мен аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайлар;
 - мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды діни бірлестіктерге жүктемеуге;
 - діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін болса, діни бірлестіктердің қызметіне араласпауға;

– дінді ұстанатын және оны ұстанбайтын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен құрмет қатынастарын орнатуға жәрдемдесу.

Өз кезегінде діни бірлестіктер заңға сәйкес:

– мемлекеттік органдардың қызметіне араласпау және олардың функцияларын орындамау;

– саяси партиялардың қызметіне қатыспауға, оларға қаржылық қолдау көрсетпеуге, саяси қызметпен айналыспауға;

– Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін барлық талаптарды сақтауға міндетті.

Заңнамада партиялардың діни негіздегі қызметі, мақсаттары мен іс-әрекеттері мемлекетте бір діннің үстемдігін орнатуға, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктерді құру және олардың қызметі, оның ішінде діни араздықты немесе алауыздықты қоздыруға бағытталғаны анық көрсетілген. зорлық-зомбылық немесе күш көрсетуге шақыру, басқа да заңсыз әрекеттерге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркеуден өтпеген діни бірлестіктердің қызметі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз көзқарасын анықтау кезінде кез келген мәжбүрлеуі атап өтті. дінге сену, діни бірлестіктердің қызметіне, діни жоралғыларға және (немесе) діни ілімге қатысу немесе қатыспау.

Сонымен бірге, заңда діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға зорлық-зомбылық көрсетуге немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтіруге, не ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзуға (отбасын бұзуға) байланысты екені анық көрсетілген.) адамгершілікке нұқсан келтіретін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын, азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін орындаудан бас тартуға итермелейтін отбасылық қатынастарды тоқтатуға және басқа да құқық бұзушылықтарға жол берілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасы.

Дін мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметі

Діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 97 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020256>

Қазақстанда дін саласындағы мемлекеттік органдардың қызметі елдегі тұрақтылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтауға бағытталған. Дін саласында мемлекеттік саясатты іске асырудың негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңы болып табылады.

Негізгі мемлекеттік органдар мен олардың қызметі:

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

Бұл министрлік дін мәселелері бойынша негізгі мемлекеттік орган болып табылады. Оның құрамында

Дін істері комитеті жұмыс істейді. Комитеттің негізгі міндеттері:

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

Діни бірлестіктердің қызметін бақылау және үйлестіру.

Дін саласындағы заңнамалардың сақталуын қамтамасыз ету.

Қоғамда конфессияаралық келісімді нығайту және экстремизм мен радикализмнің алдын алу.

Жергілікті атқарушы органдар

Әрбір облыс, қала және аудан деңгейіндегі әкімдіктер дін саласындағы саясатты жүзеге

асыруға жауапты. Әкімдіктер жанынан дін мәселелері бойынша арнайы бөлімдер немесе басқармалар құрылады.

Халық арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл ұйымдастырылады.

Деструктивті діни ағымдардың алдын алу шаралары жүзеге асырылады.

Құқық қорғау органдары

Экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жүргізеді.

Заңсыз діни қызметті анықтау және алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Сот органдары

Егер діни бірлестіктер заңнама талаптарын бұзса, олардың қызметін тоқтату немесе шектеу туралы шешім қабылдай алады.

Негізгі бағыттар:

Конфессияаралық келісім:

Қазақстанда әртүрлі дін өкілдері арасында бейбіт өмірді сақтау басты назарда. Елде

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі өткізіліп, діндер арасындағы диалогты нығайтуға бағытталған жұмыстар атқарылады.

Экстремизм мен терроризмге қарсы күрес:

Радикализмнің алдын алу үшін ақпараттық-түсіндіру топтары (АТТ) жұмыс істейді.

Жастар арасында діни сауаттылықты арттыру бойынша іс-шаралар өткізіледі.

Діни білім беру:

Діни білім беру жүйесі қатаң бақылауда. Қазақстанда діни оқу орындарын ашу мен қызметін жүзеге асыру үшін мемлекеттік аккредитациядан өту қажет.

Заңның сақталуын бақылау:

Діни қызметке және діни бірлестіктерге қойылатын талаптарды бұзған тұлғалар мен ұйымдарға қатысты шаралар қолданылады.

Қазақстандағы дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты – қоғамда толеранттықты, тұрақтылықты қамтамасыз ету және деструктивті ағымдардың ықпалына қарсы тұру.

«ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ»

1) өңірлік және республикалық деңгейлерде діни экстремизм мен жалған діни қызметтің алдын алуға бағытталған оқытушылық, әдістемелік және тәжірбиелік іс-шаралар (дәрістер, семинарлар, тренингтер және де өзге ақпараттық – түсіндірме және алдын алу іс-шараларын) ұйымдастыру және өткізу;

2) мемлекеттік органдар қызметкерлерін, діни қызметтегі адамдарды, дінтанушылар, қалалық ақпараттық топтарының мүшелерін оқыту және ұйымдастыру;

3) мемлекеттік конфессиялық саясат, конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, діни-рухани құндылықтарды бұдан әрі қалыптастыру сұрақтары бойынша қоғамдық кеңесуді ұйымдастыру мен өткізу;

4) қала және қалаға жақын елде мекендер тұрғындарының арасында (мектеп оқушылары, студенттер, медицина қызметкерлерінің, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, жеке кәсіпкерлер және т.б) мемлекеттік-конфессиялық саясатты жүзеге асыру;

5) жоғарғы сынып орта мектеп оқушылары үшін шығармашылық сайыстар өткізу;

6) танымал және тиісті біліктілігі бар сарапшыларды, спикерлер мен лекторларды ақылы негізде шақырту, тілмаштарды;

7) мұражайға экскурсияны, қала театрларына баруды, кітапханалар мен өндіріс орындарында кездесулер ұйымдастыру;

- 8) дәстүрлі емес, радикалды, деструктивті діни ұйымдарының іс-әрекетінен зардап шеккендерге, оның ішінде жастар мен кәмелет жасқа толмағандарға оңалту бойынша психологиялық, құқықтық және тәжірибелік көмек көрсету;
 - 9) қоғамдық қозғалыстар мен бірлестіктерге діни экстремизмге қарсы іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізуге ұйымдастырушылық, тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсету, оның ішінде: оқушылар мен жастар, тұрғындар арасында темекі шегудің алдын алу; оқушылар мен жастар арасында суицидті алдын алу; оқушылар мен жастар, тұрғындар арасында психобелсенді заттарды (есірткі заттар, ішімдік, спайстер және т.б.) қолданудың алдын алу;
 - 10) психология, тарих, исламтану және дін саласында сараптамалық зерттеулер және ғылыми-зерттеу сараптамаларын жүргізу;
 - 11) конфессияаралық, қатынастар мен психикалық және психологиялық денсаулық салаларында ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу;
 - 12) заманауи техникалық құралдарды (экран, проектор, ноутбук, сымсыз микрофондар, дыбыс шығару құрылғылары, флипчарт, ғаламторға шұғыл шығу мүмкіндігі және т.б.) қолдана отырып кәсіби деңгейде шараларды фото және видео түсіру сондай-ақ олардың видеомонтажын және бейне редакциясын жасау;
 - 13) шаралар өткізу үшін тиісті конференц-залдарды немесе бөлмелерді жалға лау;
 - 14) сотқа дейінгі наразылықты реттеу (медиация);
 - 15) жұмыста қолдану үшін және коммерциялық мақсатта баспа және бейнематериалды шығару;
 - 16) Қазақстан Республикасында тұрақсыздықты тудыруы мүмкін конфессияаралық салада жағымсыз үрдістерді анықтау бойынша зерттеу қызметін және әлеуметтік зерттеулерді жүргізу;
 - 17) діни экстремизмнен зардап шеккендерді оңалту тәжірибесін зерттеу мақсатында ынтымақтастық, оның ішінде халықаралық діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын дамыту;
 - 18) конфессияаралық келісімді толеранттылықты нығайту үшін мәдени-бұқаралық ағарту және танымдылық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
 - 19) ақпараттық ғаламтор-ақпарат көздерінің автоматтандырылған мониторингісін жүргізу мақсатында арнайы бағдарламалық жасақтаманы қолдану;
 - 20) маман-сарапшыларды жұмысқа тарту;
 - 21) ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу; әлеуметтік желілер мен БАҚ-та қарсы насихат жүргізу мақсатында тиісті фото-және видеоконтенттерді әзірлеу, оларды әлеуметтік желілерді ілгерілету (SMM компаниясы, таргет жарнамасын жіберу және т.б.), бұл мақсатта сараптамалық топты, танымал дінтанушыларды және саясаткерлерді жұмысқа тарту;
 - 22) деструктивті діни ағымдардың ықпалында жүрген азаматтармен тікелей сұхбат жүргізу, сондай-ақ азаматтардың сауалнамасын жүргізу, сол мақсатта тиісті біліктілігі бар әлеуметтанушы мамандарды, сарапшыларды, супервайзерлерді, сұхбат алушыларды және тілмаштарды жұмысқа тарту;
 - 23) басқа да коммерциялық және делдалдық қызмет;
- ЖШС Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыра алады.

Діни экстремизм мен радикализмге қарсы күрес

2003 жылғы 23-24 қыркүйекте Астанада өтіп, дінаралық үн қатысудың маңызды бастамасына әлемнің танымал діни лидерлерін тартқан бірінші Съездің бастамасы мыналарды қамтыды:

- әлемдік өркениеттердің өзекті негіздерін білдіретін әлемдік мәдениеттердің, діндердің және этностық топтардың өзара ықпалдастығына үлес қосуға тілек білдіріп, мәдени және діни айырмашылықтар негізіндегі жанжалдарға жол бермеуге ұмтыла отырып;

- дін адам өмірі мен қоғамының аса маңызды қыры ретінде жаңа мыңжылдық басында жасампаздық пен бейбітшілікті сақтауда, сапалық жаңа рөлге ие боғанын негізге ала отырып;

- діни лидердің қазіргі және болашақ ұрпақтардың рухани тәрбиесі мен тәлімі үшін қор жаупкершілігін, олардың өзара құрмет рухын орнықтырудағы, осы заманға жаңа жинақтардың алдында басқаларды түсіну мен қабылдаудағы маңызды рөлін түсіне отырып;

- әрбір дін мен мәдениеттің бірегей сипатын қуаттап, мәдени және діни әрқилылықты адамдар қоғамының маңызды белгісі ретінде қарастыра отырып;

- бейкүнә құрбандықтарға соқтыратын күш қолдануды ақтау үшін пайдаланылатын діни және ұлттық айырмашылықтарды саудағы салушылықты туындатқан, әлемдегі дінаралық және ұлтаралық шиеленістің өсуіне алаңдаушылық білдіре отырып;

- дінді шынайы түсінушіліктің және күш қолдануды жоққа шығарып басқа халықтарды және басқа діндерді ұстанушыларды құрметтеуге және бейбіт қатар өмірсүруге шақыратын барлық діндерді танымдық экспертизиммен және фанатизммен ешқандай қатысы жоқ екенін атап көрсете отырып;

- дінаралық және мәдениетаралық қатынастардағы қиындықтарды халықаралық саясаттағы, экономикадағы, әлеуметтік, гуманитарлық және ақпараттық ортадағы тепе-теңдіктің елеулі бұзылуы, сондай-ақ дінді саяси мақсаттарда пайдалану туындатады деп санай отырып;

- жоғарыда аталған проблемалар бойынша Съездің «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» атты негізгі тақырыбы аясында: 1) «Діни наным еркіндігі және басқа діндердегі ұстанушыларды құрметтеу»; 2) «Діни лидерлердің халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі» проблемалар қаралды.

Осындай үндеулер айтылды:

- бүкіл діндерде адамзаттың аман-саулығын, қадір-қасиеті мен бірлігін уағыздай отырып, лаңгешілдіктің барлық себептерін жою жолында бірлесе еңбектенуге шақырамыз;

- бір дінді ұстанушыларды екіншісіне айналдыруға бағытталған қандай да бір қысым көрсету мен күшейту әрекеттерін өзіміздің қабылдамайтынымыз туралы мәлімдейміз;

- өзара түсіністікке, ынтымақтастық пен әлеуметтік үйлесімге қол жеткізу ісіндегі білім берудің жастар саясаты мен ортақ мәдениетке тәрбиелеудің өзекті рөлін қуаттаймыз;

Біз, сондай-ақ, халықаралық қоғамдастыққа, халықаралық және өңірлік ұйымдарға, бүкіл әлемдегі мемлекеттер мен үкіметтерге мынадай мәселелермен қайырыламыз:

- өркениеттер үнқатысуының үдерісіне белсенді қолдау білдіріп, тұрақты түрде бейбітшілік мәдениетін нығайтуға, оның қағидаларын халықаралық саясаттың және барлық адамдар өмірінің берік негізі ретінде орнықтыруға бағытталған күш-жігерін қолдану;

- әділ дүниенің орнауы, халықаралық құқық пен заңдылықтың нығаюына, БҰҰ кадырлары мен халықаралық шарттардың орындалуына, сондай-ақ бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздіктің орнауы үшін тиімді шараларды әзірлеуге жәрдемдесу;

- жаппай қырып-жою қаруын әзірлеуден өндіру мен ие болудан толық бас тартып, жаппай қырып-жою қаруының таралмау режимін нығайтуға жәрдемдесу;

- діни киелі нәрселер мен нышандарды құрметтеу және қорғау, сондай-ақ бұл үшін тиісті шаралар қолдану.

Жоғары айтылғандарды негізге ала отырып, біз әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері былай деп шештік:

- бірлескен кездесулер, семинарлар өткізу БАҚ-та материалдар жариялау, Интернет және басқа құралдарды пайдалану жолымен дінаралық қатынастарды оң қабылдау мен көрсетуді ынталандыру бойынша бірлескен нақты шаралар қабылдау керек;

- жастар арасында дінаралық төзімділіктің таралуына және оның жалпыадамзаттық құндылықтары серпінді қабылдануына жағдай жасау;
- жас адамдар діни және мәдени айырмашылықтарды құрметтеуі мен өшпенділіксіз қабылдауына көмектесу үшін өркениеттер мен діндер арасындағы үнқатысу тәжірибесін барлық білім беру деңгейлерінің оқу жоспарларына кіргізу керек;
- өзіміздің рухани ықпалымызды, біздің діни бірлестіктердің билігі мен ресурстарын бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, сондай-ақ түрлі діни қоғамдастықтар арасындағы проблемаларды болдырмауға және шешуге бірлескен үлесімізді қосу үшін байланыстарды нығайту керек;
- шиеленісті бәсеңдетуге жәрдемдесу және қажет болған жағдайда, олармен келіссөздер жүргізуге бірлескен делегациялар құру үшін біздің тәжірибеміз бен күш-жігерімізді жанжалдарға тартылған үкіметтерге, халықтарға, түрлі топтар мен күштерге ұсыну керек.